



## Анықтама

20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы- адам құқығы» онкүндігі аясында,өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» құқық және тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушылары арасында "Құқығым бар" тақырыбында эссе байқауы өтті.

Мақсаты:

Оқушының құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру.Оқушыларды адам құқықтарына оқыта отырып, түрлі өмірлік жағдайларда өз мүмкіндіктерін жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдай алу әрекеттерін дамыту.Қазақстанның болашағына үлесін қоса білетін білімді де, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.



Мектеп тәлімгері

Б.Ержанова



## Анықтама

### КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС

16 қараша күні Өзін - өзі басқару ұйымы «Мектеп парламенті» мүшелері 5-7 сынып оқушылары арасында "Көңілді үзіліс" іс-шарасын ұйымдастырды.

Мақсаты: Оқушылардың үзіліс кезінде сабаққа деген қабілеттерін арттыру , іс-кимыл ойындарын ойнату,үзіліс уақытын тиімді пайдалану.

Көтеріңкі көңіл-күй сәттіліктің жаршысы бола алады. Үнемі көңілдеріңіз көтеріңкі болсын.



Мектеп тәлімгері

Б.Ержанова




## Анықтама

20 желтоқсанда өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» дебат фракциясының ұйымдастыруымен мектепшілік турнир болып өтті. «Мектептегі балаларға әлімжеттік жасағаны үшін қатаң шара қолдану керекпе?» деген тақырып аясында 8-9 сыныптар арасында пікір - сайыс өтілді.

Мақсаты:білімгерлерді ізденімпаздыққа, тапқырлыққа, шыдамдылыққа және өз ойын мәдени түрде жеткізе білуге үйрету.

Пікірсайысқа 8-10 сыныптардан 6 фракция қатысып өзара мықтыны анықтады.

Спикерлер өз зерттеулері мен дәлелдерін жүйелі түрде жеткізіп, белсенділік танытты. Сайыс қорытындысы бойынша «Құқық» фракциясы жеңіске жетті





### Анықтамасы

№39"Қызылөзек"орта мектебінде өзін-өзі басқару "Мектеп парламенті" Құқық және тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен 10-17кazan сыныптар арасында мектепішілік "Үздік сынып" байқауы өткізілді. Байқауда оқушылардың

-сабаққа қатысуы,

-сабақтан кешікпеуі,

-тәртібі,

-тазалығы,

-мектеп формасы,

-сынып тазалығы

-оқушылардың алған жетістіктері қаралатын болады.

Апта корытындысы бойынша жақсы нәтижемен көзге 8б-сынып "Үздік сынып" ДИПЛОММЕН марапатталды. Оқушыларымызға тек сәттілік тілейміз!





## Анықтама

### ШАХМАТ- АҚЫЛ-ОЙ СПОРТЫ


2023жылдың 04қаңтар күні №39«Қызылөзек» орта мектебінде қысқы демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында дене шынықтыру пәні мұғалімі, шахмат үйірмесінің жетекшісі Досанов Руслан мен өзін-өзі басқару «Мектеп парламенті» Спорт министрі Мұсабек Ағаділдің ұйымдастыруымен мектепшілік шахмат жарысы болып өтті.

- Мақсаты:
- Оқушылардың шахмат ойынына деген қызығушылығын арттыру;
- Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

Ойнау логикасы зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, жеңіске жетуге деген ерік-жігерді қалыптастыруға және басқа да моральдық қасиеттерді тәрбиелеу.

Сайыс нәтижесінде 1-4 сыныптар аралығында бірінші орынды: Сержанұлы Алинұр иеленді, 5-11сынып аралығында бірінші орынды: Шынтасұлы Ерқанат иеленді.



Мектеп тәлімгері 

Ержанова Б



## Шахмат – ақыл-ойдың спорты

Әлемде шахмат – ақыл-ойды дамытатын спорт түрі болып саналады. Ежелден жеткен аңыздарға сүйенсек, шахматты алғаш болып біздің заманымызға дейінгі мың жыл бұрын үндістандық математик ойлап тапқан деседі. Шахмат сөзінің мағынасы патша (шах) өлді (мат) дегенді білдіреді. Біз жеке тұлға қалыптасуға мүмкіндік беретін шахмат ойынының тарихына үңіліп, сырын есте сақтап жүрміз бе?

«Ең әсерлі білім – сені жеңе алатын бәсекелеспен шахмат ойнау» деп америкалық публицист Ричард Бах айтпақшы, адамның бәсекеге қабілеттілік қасиетінің дамуына шахматтың пайдасы көп. Тіпті, әлемдегі ел басқарған айтулы саясаткерлер шахмат ойнап, табысқа жете білген. Бұл аңыз шындыққа жанасады. Тақтасы 64 шаршыдан тұратын шахматтың бір патша, бір уәзір, екі піл, екі ат, екі тура және сегіз пешка пішініне қарап-ақ пайымдауға болады. Өйткені, үндістандықтар пілді ертеден асырап, пайдаланып келеді.

Бүкіл әлемді жаулап алған шахмат ойыны о баста соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын үйрету құралы болған. Мәселен, Парсыны жаулап алуы ислам әлемінің осы ойынды жетік меңгергендігінен деп топшылайды тарихшылар. Алайда, Арабтар аталмыш ойынды «шатрандж» деп атаған. Бірақ, исламда тактай бетіндегі таста адам мен жан-жануарлар мүсінінің салынуына тыйым салынған. Діни қақтығысқа жол бермеу үшін сәулетшілер шахмат пішіндерін белгісіз бейнелермен алмастырды. Ислам дінін қабылдаған біздің еліміз 1969 жылғы қазақ жазуының соңғы орыстандыру емле реформасына дейін қазақ тілінде дәстүрлі «шатыраш» атауымен белгілі болды. 1851 жылы Лондонда шахматтан тұңғыш рет халықаралық турнир өткізілді. Онда Андерсен деген шахматшының айы оңынан туып, бірінші және екінші жарыста жеңімпаз атанды. 1867 жылы Парижде өткен додада Колиш жеңімпаз атанды. Матчта алға шыққан Стейниц алғашқы әлем чемпионы атанған. Шахматтан ресми әлем чемпионаты 1886 жылы өтті. Одан бері 14 шахматшы ғана жоғары дәрежелі атақты иеленді. Шахмат – сезіну, шапшандық, шыдамдылық және аналитикалық ойлауға, өзі үшін күресе білуге, логикалық ойлау қабілетінің дамуына зор ықпал еткен. Адам баласының дүние танымын кеңейтуге, сөздік қорды молайтуға, білім сауаттылығы математика, физика, химия сияқты пәндерге көп септігін тигізетіндігі ғылыми түрде дәлелденген. Шахмат тастарын қалыптастырушылардың бірі Цессолес өз заманында: «Шахмат тактайшасындағы әрбір тастың өмірдегі атқаратын құқығымен қатар, міндеттері бар», – деп бекер айтпаса керек. Айтпақшы сіз шахмат ойнай білесіз бе?



**«Шахмат- ақыл ой спорты» 1-4 сынып**

	1	2	3	4	5	6	7	Ұпай	Орын
1.Айдарбек.Д		0:1	0:1	1:0	1:0			2	4
2. Әшім. Н	1:0		0:1	0:1	1:0			2	3
3. Сержанұлы. А	1:0	1:0		1:0	1:0			4	1
4. Әділ. Ж	0:1	1:0	0:1		1:0			2	2
5. Алмағанбет. А	0:1	0:1	0:1	0:1				0	5

**«Шахмат- ақыл ой спорты» 5-11 сынып**

	1	2	3	4	5	6	7	Ұпай	Орын
1. Шынтасұлы. Е		1:0	1:0	1:0	1:0			4	1
2. Сағындық. Н	0:2		1:0	1:0	1:0			3	2
3. Дарханұлы.Р	0:1	0:1		0:1	0:1			0	5
4. Шынтасұлы. А	0:1	0:1	1:0		1:0			2	3
5. Базарбайұлы. Н	0:1	0:1	1:0	0:1				1	4




## Анықтама

"Мектеп парламенті" мүшелерінің ұйымдастыруымен 8-10 сынып қыздарына "Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы" тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

Мақсаты: Қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы, болуға тәрбиелеу, Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

Бабаларым қыздарды кадірлеген,  
Қыз баладан басталар өмір терең  
Ауыл көркі қыз болып, ән айтылып  
Күн болмаған сазды күй төгілмеген

Оқушылар тренингке белсене қатысып өз ойларын айта білді.



Мектеп тәлімгері

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to B. Erjanova.

Б.Ержанова



**Тақырыбы:** Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы (психологиялық тренинг)

**Мақсаты:** Қыздармен әңгімелесе отырып, ар - намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту.

**Өту орны:** Акт залы

**Қатысушылар:** 8 - 11 сынып қыздары

**Жүру барысы:**

**Жүргізуші:**

Қыз сұлу көрінеді қылығымен,

Жарыса боймен қос бұрымымен

Бұл күнде сұлулықтың үлкені осы,

Қыз сұлу көрінеді білімімен,-дей келе, бүгінгі психологиялық тренингіміз «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты тақырыпта өтеді

**Ой қозғау:** Қазақ қызы қандай болу керек? Осыған байланысты бейнебаян ұсынамыз

**Жүргізуші:**

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,

Көрінер толған айдай жүзі жарқын

Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес,

Халқының сақтай білген ізгі салтын.-дегендей бұл қыздардың әдепті, көрікті болғанын аңғартады. «Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі» деген де мақал бар.

Осының бәрі де қыз баланың сүйкімділігінен, нәзіктілігінен, әр іске талапты да алғырлығынан, өнер – білімге бейім тұратын сергектігінен шыққан сөздер болса керек. Халқымыз қыз баланы ардақтап ұстайды, оған қатты сөз айтпай, мәпелеп өсіреді. (слайд **Қыз қылығымен көркем**)

**«Сиқырлы қобдиша» жаттығуы.**

**Нұсқау:** Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ортада сиқырлы қобдиша тұрады.

Сыйлықтар – қағазға жазылған адамгершілік қасиеттер.

**Жаттығу шарты:** Қобдишадан әр қатысушы кезекпен бір сыйлықты таңдап алып, ішінде жазылған сөзді лайықты деп санаған адамға сыйлайды. Сыйлықтар үлестірілгеннен кейін, шеңбер бойынша өзінің сыйлығын айтады.

**Рефлексия:** сонымен, қоршаған орта да осы қасиетке сізді лайық деп таныса, жеке-жеке қошемет көрсетейік. Сыйлықтарыңыз құтты болсын!

**Жүргізуші:**



Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген.

Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп апамыз өзінің «Бабалар аманаты» атты кітабында: «Қазақ қазақ болғалы қыз сыйлаған, қызын алқалаған текті халық еді. Сандығында кілті жоқ жомарт қазақ сол жомарттығын алдымен қызына жасаған. «Ұл – түтін, қыз – күтім» деп қызға жақсыны кигізіп, дәмдіні жегізіп, жорғаны мінгізген. Үйдің оң жақ төріне отырғызған. Тұрмысқа шықпаған қызды «оң жақтағы қыз» дейтіні сондықтан. «Ұрыс-керіс естіген қыздың мінезінің мәні болмайды» деп, қыз көзінше өрескел, бейпіл сөз сөйлемеген, анайы қылық көрсетпеген. «Бақыты байланады, жолы кесіледі» деп қызға қол көтермеген. Тіпті, отырған қыздың аяғынан аттамаған. Мұны кесір деп түсіндірген. Өйткені еркектің де, әйелдің де тарайтын түбі – қыз. Оң жақта отырғанда жүз жігіттің арманы болса да, қызға бір азаматтың адал жан жары болу – парыз», – деп жазады. Міне, кешегі қазақ қыздары ата-анадан осылай тәрбие алып, өз отбасының ұйытқысы бола білді.

«Қызым үйде – қылығы түзде» демекші, қыз баланың жүріс-тұрысы мен киім киісі тәрбиенің негізі болып саналады. Жасыратыны жоқ кейбір ата-ананың баласымен араласуға да уақыты жоқ. Осыдан барып бала әке – шешесінен суып, оларға деген сыйластықтан алыстай бастайды. Бала кезінен жылылық мейірімді көрмеген адам баласы жүрегін бойлаған суық ызғардың өшін өзгелерден алатын қатыгездікпен өседі. Бүгінгі күнде қыздарымыздың көзге оғаш көрінетін киімдерін айтар болсақ, бұрын-соңды болмаған, құлақ естіп, көз көрмеген. Ата-ана баламыз қатар құрбысынан қалмасын деген оймен заман талабына сай жаңа үлгімен киіндіріп, қалталылар көлік мінгізеді. Сондада әр нәрсенің өз орны бар емеспе...

#### **«Қадір – қасиет» жаттығуы**

Жаттығу танысу үшін жасалынады. Әркім кезекпен өз есімін атап, есіміне қоса өзінің бойындағы қасиетін айтады.

Мысалы:

төзімді Салтанат,  
қайырымды Айгүл,  
ибалы Дина,  
сыпайы Динара.



### **«Өрмекші торы» жаттығуы.**

**Нұсқау:** Қатысушылар шеңбер құра отырады. Ойынға барлығы қатысуы тиіс. Жіп кімнен ілініп басталса, сонымен аяқталып өрмек жиналу керек.

**Жаттығу шарты:** Топта бірін-бірі жақын танығандықтан, әр кім 1-ші өзінің достарына айтар тілегін, қошеметін, жағымды қылықтарын білдіріп жіпті саусағына іледі, өрмек тоқылды. 2-ші кері бағытта, бірақ сол ізбен достарының бойына қажет емес қасиеттерін, қылықтарын айту. Өрмекті жию.

**Рефлексия:** Айтылған тілектер мен сынды қабылдаймыз ба? Сын орынды айтылды ма? Бұл жаттығудың мақсаты да сол, сын түзелмей, мін түзелмейді – дегендей, айтылған ескерте, сындарды түзете білейік. Болдырмайық.

### **Қорытынды:**

Бабаларым қыздарды қадірлеген,

Қыз баладан басталар өмір терең

Ауыл көркі қыз болып, ән айтылып,

Күн болмаған сазды күй төгілмеген — деп бүгінгі тәрбие сағатымызда қыздар тәрбиесін қыз балалардың өздері сөз еткеннен гөрі, ұлдарымыздың сөз етуін мақсат еткенмін. Өйткені, қыз бала тәрбиесі баршаның ісі. Қыз бала мен ұл баланың бірін – бірі жақсы түсінуіне, бірін – бірі сыйлауына, бір –біріне қамқор бола білуіне, қыздарымызды –қылықты, ұлдарымызды – ұлағатты етіп тәрбиелеуге септігі мол болары сөзсіз. Қыздарға айтарым « қазақ қызы» деген қастерлі де қасиетті атқа лайық болыңдар. Білімді де тәрбиелі қырдың қызғалдағындай жайнап өсе беріңдер.




## Анықтама

Ағымдағы жылдың 13-17 ақпан аралығында "Адалдық-ардың ісі" тақырыбындағы танымдық апталығының аясында өзін-өзі басқару "Мектеп парламенті" мүшелері "Ұлылар айтқан-ұлы сөз" видео челендж түсірді. Мақсаты:

Оқушыларды адалдық, адамгершілік, жауапкершілік туралы ғибратты әңгімелер арқылы берекелі өмірге баулу.

ӨМІРДЕ ТЕК АДАЛ БОЛЫП ЖҮРЕ БЕРЕЙІК

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0WuabRLnwE9apJrfgXkjSxZ5uNtKTaasDbAkKgWK31BxdfuiR5DSgrQFRT2EcR1Yl&id=100044570716415&sfnsn=mo&mibextid=RUBZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0WuabRLnwE9apJrfgXkjSxZ5uNtKTaasDbAkKgWK31BxdfuiR5DSgrQFRT2EcR1Yl&id=100044570716415&sfnsn=mo&mibextid=RUBZ1f)



Мектеп тәлімгері

*Б.Ержанова*

Б.Ержанова



## Анықтама

ҚР Оқу - ағарту министрлігінің РҚББОӘО Алғыс айту күніне арналған "АЛТЫН ЖҮРЕК" Республикалық челенджін ,«МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ» қабылдап, келесі мектептерге жолдады.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid05wzvuk99rLraeBaCFXXYcKQmtxoYMe8G8wnvCB5ivVBXEXCj4LRxvCi6WA4BW6Kcl&id=100044570716415&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid05wzvuk99rLraeBaCFXXYcKQmtxoYMe8G8wnvCB5ivVBXEXCj4LRxvCi6WA4BW6Kcl&id=100044570716415&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f)



Мектеп тәлімгері *Б.Ержанова* Б.Ержанова






## Анықтама

06 наурыз күні «Мектеп парламенті» Мәдениет фракциясы министрі Кеңес Нұрай мен «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен **«Сыйынар ем ана деген тәңірге»** атты мерекелік іс шара өткізілді.

Мақсаты: Нәзік жанды аруларымыздың қоғамдағы рөлінің айтарлықтай екендігін дәлелдеп, оларға қуаныш сыйлау. Оқушылардың оларға деген ізгі ниеттерін көрсету.

Мерекелік іс шараға 5-10 сынып оқушылары белсене қатысып, құттықтауларын арнап, өнерлерін көрсетті.



Мектеп тәлімгері

Б.Ержанова



Аяулы да қымбатты аналар мен аруларымыздың мерекесі 8 наурызда «Мектеп парламенті» мүшелерінің ұстаздарына арналған «Сыйынар ем ана деген тәңірге» атты кештің сценарийін ұсынамыз:

Мерекелік кештің басты мақсаты: Нәзік жанды аруларымыздың қоғамдағы рөлінің айтарлықтай екендігін дәлелдеп, оларға қуаныш сыйлау.

Оқушылардың оларға деген ізгі ниеттерін көрсету.

Кештің барысы: Қонақтарды кешке шақыру, оларды қарсы алу, тілек білдіру, өнер көрсету, құттықтау сөздер, қорытынды сөз, жалпы қорытынды жасау.

Асылбек Еңсеповтың «Детство» күйі қосылып тұрады. Сахнаның сыртынан Мұқағали Мақатаевтың «Ана» атты өлеңі оқылады

Ана

Сен бақыттысың,

Жыламағын!

Жай түсіп жатқанда да құламадың

Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның

Сондықтан жыламағын, жыламағын!

Бармын ғой

Тірімін ғой,

Қасыңдамын.

Өлмеймін, мен өзіндей асылданмын.

Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағын,

Байырғы берекенді қашырмағын.

Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа

Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.

Екі жыр жазсам саған бірін арнап



«Ана» деп жаздым ылғи сөз басына.

Тәңірім кеше көрсін кесірімді

Аспанға жазсам сенің есіміңді!!!

Ана,

Сен бақыттысың, тербете бер

Құба талдан иілген бесігімді...

Жай музыка

1-жүргізуші: Армысыздар, аяулы аналар, құрметті ұстаздар, гүлдей құлпырған қыздар! Барлығымыз асыға күткен көктемнің алғашқы күндерімен бірге 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Бұл - бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналар мен нәзік жанды қыздар қауымының төл мерекесі.

Сенен өскен балалар,

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті, жан аналар!

2-жүргізуші: Қош келдіңіздер, құрметті аналар және мектебіміздің ұстаздарымен, арулары! Бүгінгі мерекелеріңіз құтты болсын! Сіздерге сарқылмайтын денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Осы күні өздеріңізге бағытталған тілектер періштенің құлағына шалынсын. Әрдайым біздердің жанымызда жүре беріңіздер.

Ана десем шешек ашып жанары,

Өмірімнің бастау алар ажары.

Ана деген тіршілікке пана боп,

Әрбір үйде жұлдыз болып жанады, - дей отырып, алғашқы мерекелік құттықтау сөзді мектеп директоры Байжанов Жасұлан ... ағайға береміз.

Шалқып, тасып әніміз



Жадырасын жанымыз,

Ана, сені құттықтап,

Әндетеміз бәріміз.

Алдарыңызға әнші шәкірттеріңіздің орындауындағы 5 сынып оқушысы  
Икмат Інжудің «Ана» атты әнін қол соғып қошеметтеп қарсы алыңыздар.

1-жүргізуші: Десек те уақытпен жарыспайды,

Қиялға қиялменен қарыштайды.

Шәкірттер шын жүректен тебіреніп,

Жырларын аналарға бағыштайды. Олай болса шәкірттеріңіздің аналар жайлы  
өлең шумақтарын тыңдайық. (5-сынып оқушыларының жыр шашуы)

Құлактан кіріп, бойды алар,

Әсем ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй, – деп, Абай атамыз айтқандай ... 9 сынып оқушысы  
Бағлан Айғанымның орындауындағы « Анамның ақ жаулығы» әнін қабыл  
алыңыздар.

2-жүргізуші:

Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек.

Тұрғандай өзі, қимылсыз билеп,

Иықтан шашып, төгіліп жерге,

Күмісті шашбау, жарасып белге деп ақын ағаларымыз жырлағандай келесі  
кезекті мың бұралған бишілерге береміз.

8 сынып «Қазақ биі»

1-жүргізуші: «Әйелдер адамды бесігімен баулиды... Өмірдің іргетасы  
солардың қолымен қаланады» деген екен орыс жазушысы Пирагов.

2-жүргізуші: Орыс жазушысы Максим Горький: «Адамдар-әрқашан өз  
аналарының перзенттері. Ана болмаса ақын да, батыр да болмайды», - деген.



1-жүргізуші: Талай ренжітсек те, еркелігімізді көтеріп, туған анамыздай маңдайымыздан сипай білген ұстаздарымызға айтар алғысымыз шексіз. Олардың еңбегі ұлан-асыр мұхитпен тең.

2-жүргізуші:

Бүкіл әлем аналардың ақ сүтінен нәр алған,  
Бүкіл әлем аналардың үмітінен таралған.  
Әлемде егер ана болмаса осылайша,  
Туар ма еді жүрегімде биік мақсат, игі арман?! – деп ақын ағамыз  
жырлағандай, мақтасақ бүгін барлығын және білетін, тіршіліктің бұлағы әйел  
– ананы мақтайық!

1 – жүргізуші: Сіздердің назарларыңызға оқушылардың орындалуында « » көрінісін ұсынамыз. Қабыл алыңыздар!

1-жүргізуші:

Хор 10 сынып оқушылары

2-жүргізуші:

Деменіз біз өнерді аяп қалды,

Мезгіл де біраз жерге таяп қалды.

Қош болып тұрыңыздар көріскенше

Осымен концертіміз аяқталды.

А ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар! 8 наурыз құтты болсын!